




ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!



**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ТАЛАС АУДАНЫНЫҢ
СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ**



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!



**Бабаларымның ата жұртының аясы Шу бойымен өрлеп, Талас
өзенінің төменгі тұсына дейінгі жерді алып жатыр.**



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

**Ұлылықты жердің кеңдігімен,
таудың биіктігімен, теңіздің тереңдігімен
өлшемеу керек. Тіпті ел байлығы,
жер асты қазынасы да таразы бола алмайды.**

**Елдің елдігін танытатын,
тарихын жасайтын –
артына өлмес мұра қалдырған
ұлы перзенттері.**

Дінмұхамед

Ахметұлы

Қонаев



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!



**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ТАЛАС АУДАНЫНЫҢ
СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ**

Абай институтының
электрондық басылымдары
4-кітап

Алматы
2023



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

**УДК 998 (574)
ББК 26.89 (5Қаз)
Ж25**

БАСТАМАШЫЛАР АЛҚАСЫ

Жапарбек Күздеубеков, Д.А. Қонаев халықаралық қоғамдық қорының Жамбыл облыстық бөлімшесінің кеңесшісі, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы

Аманжол Аманбаев, құрметті ардагер, Жамбыл облысы ауыл шаруашылығы ардагерлерінің төрағасы

Қибат Асқарбеков, Д.А. Қонаев халықаралық қоғамдық қорының Жамбыл облыстық бөлімшесінің атқарушы директоры

**Редакторы
Л.Ж. Мұсалы**

Құрастырған Ж. Дәдебаев

Жамбыл облысы Талас ауданының Социалистік Еңбек Ерлері. Анықтамалық / Құрастырған проф. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Абай институты, 2023. – 71 б.

ISBN 978-601-04-6157-4

Өмірбаяндық анықтамалықта Жамбыл облысы Талас ауданында дүниеге келген, еңбек еткен Социалистік Еңбек Ерлерінің қысқаша өмірбаяндық деректері берілген. Әр Еңбек Ерінің өмірбаянының дерек көздері көрсетілген.

Анықтамалық ел үшін ерен еңбек еткен азаматтарды еске алу, есте сақтау мақсатында дайындалған.

ISBN 978-601-04-6157-4

© Дәдебаев Ж., құраст., 2023



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

Құрастырушыдан

Анықтамалықта Жамбыл облысы Талас ауданында дүниеге келген, еңбек еткен, адал еңбегімен, ғибратты ғұмырымен аудан халқының абыройын асырған, даңқын шығарған КСРО Социалистік Еңбек Ерлерінің өмірбаяндық мәліметтері берілген. Ел есінде Еңбек Ерлерінің ерен еңбегі, игілікті істері, жақсы аттары сақталған. Оларды Ерлікке бастаған қасиеттің тегін білу, қадіріне жету – елдің өсіп келе жатқан өркендері үшін баламасы жоқ асыл құндылық.

Жастар үшін ілгеріде өткен аталарының ерен еңбегін бір сәт еске алып, олардың өмірінің мәніне, алдынан күткен үмітіне, арманының сырына көз салып, көңіл бөлу - рухани түлеудің, Отбасымыз бен Отанымыздың, еліміз бен мемлекетіміздің ақыл-ой қуатын, абыройын арттырудың, ар-ожданын сақтаудың асыл негізі.

Еңбек Ерлерінің өмірбаяндық анықтамалығы осындай игі тілекпен ел жастарының игілігі үшін дайындалды.

Пайдаланылған дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои социалистического труда-казахстанцы. Т. 2. – Алма-Ата: Казахстан, 1969.
3. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект. https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=24694
4. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>
5. https://ru.wikipedia.org/wiki/Список_Героев_Социалистического_Труда

Жанғара Дәдебаев,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, Талас ауданының Құрметті азаматы



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

АЙДЫМБЕКОВ ДҮЙСЕНБЕК



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 01.07. 1949
№ 4966 медаль, Ленин ордені № 78609

АЙДЫМБЕКОВ Дүйсенбек ҚР Көкшетау облысы Сарыарқа селосында шаруа отбасында 1914 жылы туған. Ұлты қазақ.

1920 жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін анасымен Жамбыл облысының Үшарал селосына көшіп келеді. 1933

жылы Талас колхозында шопан болып еңбек жолын бастайды. Ұлы Отан соғысына қатысып, төрт рет жараланды. 1949-1953 жылдары – зоотехник, 1953 жылдан бастап - Талас қаракөл қой совхозында шопан.

Сұрапыл соғыстан жеңіспен оралған Дүйсенбек Айдымбеков қой тұқымын жақсарту жолында еңбек етті. Өзінің бағымындағы қой отарының жазда қонды болуының, қыстан күйлі шығуының, қой қоздату науқанын табысты өткізудің әдістері мен тәсілдерін ұдайы жақсартатырып, елеулі жетістіктерге жетті. 1948 жылы әр жүз саулықтан 115 қозы алып, қаракөл елтірісінің 85 пайызын бірінші сортпен өткізді.

1948 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін **Айдымбеков Дүйсенбекке** КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 1 желтоқсандағы Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29185



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

АЙНАБЕКОВ АЙДАРЛЫ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07. 1948
№ 2477 медаль, Ленин ордені № 74581

АЙНАБЕКОВ Айдарлы ҚР Жамбыл облысы Талас ауданында шаруа отбасында 1900 жылы туған. Ұлты қазақ.

Қызыл мақташы колхозында, Бостандық совхозында шопан, бригадир, қой фермасының

меңгерушісі болды. Айдарлы Айнабеков еңбек жолын он алты жасынан бастады. Бостандық ауылшаруашылығы артеліне мүше болып кірді.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қызыл мақташы колхозы еңбеккерлерімен бірге А. Айнабеков мал өсіруде айтарлықтай табыстарға жетті. Соғыстан кейінгі жалдары халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамытуға зор еңбек сіңірді. Кәсіби біліктілігін малшаруашылығы саласындағы озат тәжірибелермен, жаңашылдықпен ұштастыра отырып, өзі басқаратын қой фермасының мал басын көбейтуде жыл сайын жаңа табыстарға жетіп отырды. Ол басқарған ферма 1947 жылы қазақы тұқымды 1236 қойдан 1590 қозы алып, аман өсірді. 1947 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін **Айнабеков Айдарлыға** КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 13 шілдедегі Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.



https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29408



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

АМАНБАЕВ ЖАМАНҒАРА



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 12.07. 1949
№ 4114 медаль, Ленин ордені № 105668

АМАНБАЕВ Жаманғара - ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Амангелді атындағы колхоздың төрағасы.

1900 жылы Жамбыл облысы Талас ауданында туған. Ұлты қазақ.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру басталғанда, Ж. Аманбаев Амангелді ауылшаруашылық артеліне мүше болып кірді. 1937-1939 жылдары Шымкент қаласындағы колхоз төрағаларының ауыл шаруашылығы курстарында оқып келіп, ауыл шаруашылық артелін басқарды.

1942 жылы Ж. Аманбаев Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласындағы білім жетілдіру курсы бітіріп, Амангелді атындағы ірілендірілген колхоздың төрағасы болды. Колхоз төрағасы шаруашылықтың жұмыс сапасын жақсартып, жоғары өнімге қол жеткізді.

1948 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша колхоз жылқышылары жыл басында қолда бар 85 биеден 84 құлын алып, оларды табында бағып өсірді. Бұл үлкен жетістік еді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен **Аманбаев Жаманғараға** 1948 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герой страны. Международный патриотический интернет-проект.



https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29455



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

АМАНКЕЛДИЕВ ИМАНБЕК



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 01.12. 1949
№ 4960 медаль, Ленин ордені № 76213

АМАНКЕЛДИЕВ Иманбек - ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Үшарал ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1929 жылдан бастап отыз жыл бойы Талас қаракөл қой совхозында қой бағып, шаруашылықтың малын

өсіріп, экономикалық қуатын арттыруға үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында И. Аманкелдиев алдындағы малын шығынсыз бағып, өсіріп, жоғары өнім алды. Мал бағудағы озат тәжірибе мен ғылым жетістіктерін ұштастыра біліп, мал жайылымын тиімді пайдаланды, малды қыстатуға алдын ала мұқият дайындады, малдың қоңын түсірмей, қысы-жазы бірқалыпты ұстауға көп күш-қайратын жұмсады. Күйек алу, қой қоздату науқандарын дұрыс ұйымдастырып өткізіп, жас қозылар мен саулықтарды біліктілікпен күте білді.

1948 жылы ол отарындағы 708 саулықтың әр жүзінен орта есеппен 115 қозы алып, қаракөл елтірісінің 85 пайызын мемлекетке бірінші сортпен өткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 1 желтоқсандағы Жарлығымен Аманкелдиев Иманбекке 1948 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29187



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

АРАПОВ НАҒАШБЕК



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07. 1948
№ 2484 медаль, Ленин ордені № 74572



АРАПОВ Нағашбек - Жамбыл облысы Талас ауданындағы Түркістан совхозының бас зоотехнигі. ҚР Түркістан облысы Бәйдібек ауданында шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ. 1931 жылға дейін балалар үйінде тәрбиеленді. 1935 жылы Жамбыл қаласындағы зоотехникумды бітірді. Еңбек жолын Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық жер бөлімінде зоотехник-селекционер болып бастады. 1936-1943 жылдары Шымкент облысы Созақ аудандық жер бөлімінің бас зоотехнигі, аудандық Совет атқару комитеті председетелінің орынбасары, 1943-1948 жылдары Қазақстан КП ОК мал шаруашылық бөлімінің нұсқаушысы, одан кейін Талас аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болды. Оның тұсында ауданның мал шаруашылығының өнімділігі дамыды. Аудан малшылары 1947 жылы зор табысқа жетті. Мал басы 25 пайызға өсті, сүт сауу жоспары 20 пайызға, жүн қырку 35 пайызға артығымен орындалды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен **Нағашбек Араповқа** 1947 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29410



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

АРҚАБАЕВ МАЙЛАҒАН



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 12.07. 1949
№ 4110 медаль, Ленин ордені № 105649



АРҚАБАЕВ Майлаған - Жамбыл облысы Талас ауданы Ильич совхозының аға шопаны.

ҚР Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Қызыләуіт ауылында шаруа отбасында дүниеген келген. Ұлты қазақ.

1931 жылдан 1962 жылға дейін Комсомол колхозында жылқышы болды, 1962 жылдан Талас ауданы Ильич совхозында аға шопан болып еңбек етті. Өзіне тапсырылған міндеттерді абыроймен орындады.

1946-1947 жылдары М. Арқабает жылқы тұқымын жақсарту, биелерді тоқтату, құлындату, тай-құлындарды шығынсыз бағу, өсіру жұмыстарының нәтижесінде зор табысқа жетті. Ерен еңбек еткен жылқышы екі жылдың ішінде бағымындағы жылқы санын 180-нен 281-ге жеткізді. 1949 жылы М. Арқабает табындағы 53 биеден 53 құлын алып, оларды аман сақтап, үйірге қосты. Ол өзінің қажырлы еңбегімен, жылқы бағып, өсірудегі бай тәжірибесімен малшаруашылығын дамытуда зор табыстарға қол жеткізді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен **Арқабает Майлағанға** мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Еңбек Еріне Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29462



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!



АТШАБАРОВ ҚАРТАБАЙ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07. 1948
№ 2513 медаль, Ленин ордені № 74553

АТШАБАРОВ Қартабай — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы, Чкалов атындағы колхоздың жылқы шаруашылығының меңгерушісі.

1882 жылы Қазақстанның Жамбыл облысына қарасты Талас ауданында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1929 жылы ұжымдастыру басталғанда, Қартабай мен оның жерлестері Талас алқабында колхоз ұйымдастырып, оны *Елтай* атымен атады. Сол жерде жылқы бағып, еңбек етті. 1936 жылы колхоздың жылқы фермасының меңгерушісі болды. Елтай колхозы кейін Чкалов колхозы болып аталды. Қ. Атшабаров жиырма жылдан астам жылқы шаруашылығын шебер басқарып, жылқы санын және оның тұқымын көбейтті. 1948 жылы 806 жылқысы болған Чкалов атындағы колхоз өзінің арғымақтарымен бүкіл Қазақстанға әйгілі болды. Қартабай Атшабаровтың ерен еңбегі өзінен кейінгілерге үлгі болды. Жас жылқышылар ел игілігі үшін аянбай еңбек етуге құлшынды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы 158 биеден 158 құлын өсіріп, мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін **Атшабаров Қартабайға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=24694



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ӘБДЕНБАЕВ ӘШІМ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 12.07. 1949
№ 4111 медаль, Ленин ордені № 105665

ӘБДЕНБАЕВ Әшім - Жамбыл облысы Талас ауданы Бостандық совхозының аға шопаны.

1917 жылы ҚР Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты ауылда шаруа отбасында дүниеген келген. Ұлты қазақ.

1936 жылдан 1939 жылға дейін Жданов атындағы колхозда шопан болды, 1939 жылдан 1945 жылға дейін армияда қызмет етті, Ұлы Отан соғысына қатысты. Соғыста екі рет жараланды, жарақаты жазылған соң, қан майданға қайта барды. Берлинді алуға қатысты. «Берлинді алғаны үшін» медалімен наградталды.

1946 жылы туған ауылына оралды, сонда шопан болып еңбек етті. Ұлы Отан соғысының от-жалынын кешіп өтіп, туған еліне аман-есен жеңіспен оралған майдангер қазақы тұқымды қой бағудың майталманы болды. 1948 жылы аға шопан Әшім Әбденбаев отарындағы 400 қазақы тұқымды саулықтың әр жүзінен 120-дан қозы алып, аудан бойынша үлкен табысқа ие болды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен **Әбденбаев Әшімге** 1948 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29471



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

БАЙЖАНОВ РЫСДӘУЛЕТ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07. 1948
№ 1496 медаль, Ленин ордені № 74597

БАЙЖАНОВ Рысдәулет - Жамбыл облысы Талас ауданы Бостандық совхозының аға шопаны.

1888 жылы ҚР Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты ауылда шаруа отбасында дүниеген келген. Ұлты қазақ.

1930 жылы Бостандық ауылшаруашылық артеліне мүше болып кірді. 1936-1962 жылдары өз ауылында аға шопан болып еңбек етті. 1962 жылы зейнетке шықты.

Рысдәулет Байжнов қажырлы еңбегімен шаруашылықтың қазақы тұқымды қойын бағып, өсіруде үлкен табысқа жетті. Өз тәжірибесі мен өзге де озат малшылардың тәжірибесін, жаңашылдық шешімдерін тиімді ұқтастыра жүріп, мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру ісіне мол үлес қосты.

1947 жылы Рысдәулет Байжанов отарындағы 402 қазақы тұқымды саулықтың 529 қозы алып, аудан бойынша үлкен жетістікке жетті.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен **Байжанов Рысдәулетке** 1947 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герой страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29411



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ DAҢҚЫ APТА БЕРСІН!

БАЙҚОЖАЕВ АМАНЖОЛ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 05.04. 1971
№ 17928 медаль, Ленин ордені № 358861

БАЙҚОЖАЕВ Аманжол - Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласында «Қаратауфосфорстрой» тресінің жұмысшысы.

1915 жылы ҚР Жамбыл облысы Сарысу ауданы аумағында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Аманжол Байқожаев өмірдің қиындығы мол белестерінен өтті. 1928 жылдан бастап Покровка ауылшаруашылық артеліне жұмысшы болып кірді. 1938 жылдан Жамбыл облысы Әулиеата қант зауытында, одан кейін Қаратау геологиялық барлау экспедициясында жұмыс істеді. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысты.

1946 жылдан бері қарай Қаратауда «Қаратаухимстрой», «Қаратауфосфорстрой» трестерінің құрылыс басқармалары мекемелерінде жұмысшы болып істеп, аймақтың индустриялық қуатының артуына зор еңбек сіңірді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1971 жылғы 5 сәуірдегі Жарлығымен **Байқожаев Аманжолға** сегізінші бесжылдық жоспар міндеттерін орындаудағы айрықша жетістіктері үшін Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені, алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көзі:

1. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=30225

2. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#> С. 314.

3. <http://podvignaroda.ru/?#id=18302275&tab=navDetailManAward>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

БАЙҚОНЫСОВ ДӘДЕБАЙ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07. 1948
№ 2468 медаль, Ленин ордені № 74556



БАЙҚОНЫСОВ Дәдебай (1888-1958)
— ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы
Чкалов атындағы колхоздың
жылқышысы. 1888 жылы қазіргі
Қазақстан Республикасы Жамбыл
облысына қарасты Талас ауданында
туған. Ұлты қазақ.

Дәдебай Байқонысов шаруашылықты ұжымдастыруға дейін мал бағумен айналысты, 1930 жылы жергілікті Елтай ауылшаруашылық артеліне мүше болып кірді. 1938-1954 жылдары Елтай артелінде, Чкалов колхозында, Амангелді колхозында жылқышы болды.

Д. Байқонысов жайылымдарды тиімді пайдалану, жылқыны бағу әдістерін үнемі жетілдіру, жылқы тұқымын асылдандыру нәтижесінде үлкен табыстарға ие болды. Ұлы Отан соғысы жылдары ондаған сәйгүліктерін майданға берді. Олардың бірін Бауыржан Момышұлы мінеді.

Д. Байқонысов 1947 жылы үздік нәтижеге жетті: жылқыны табында бағу жағдайында 50 биеден 50 құлып алып, өсірді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығын дамытудағы үздік жетістіктері үшін **Байқонысов Дәдебайға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Еңбек Ері Ленин орденімен, алтын жұлдыз медалімен марапатталды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29387



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!



**Москвада өткен
Бүкілодақтық ауылшаруашылығы
жетістіктерінің көрмесіне қатысқан
еңбек ардагерлері**



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

БЕЙСАЛИЕВ МІРТАЙ (Нұртай)



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2491 медаль, Ленин ордені № 74560

БЕЙСАЛИЕВ Міртай - Жамбыл облысы Талас ауданы Кеңестөбе шаруашылығының жылқышысы. 1890 жылы ҚР Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Кеңестөбе ауылында шаруа отбасында дүниеген келген. Ұлты қазақ.

1930 жылы Кеңестөбе ауылшаруашылық артеліне мүше болып кіріп, 1935 жылдан бастап жылқышы болды.

М. Бейсалиев өз ауылында отыз жыл еңбек етті, оның жиырма жылдан астамын жылқы бағып өткізді. Оның бағуында болған жылқы үйірлері күтімді, қысы-жазы жайылымы жақсы, бағымы бапты болды. Тәжірибелі жылқышы жылқыларын қыстың қысталаңдарында қалың құмның ішінде, биік жалдардың ығында, жазда сулы да нулы, салқын жерде бақты. Бағымы, күтімі жақсы жануарлардың өсімі мен өнімі де жақсы болды. 1947 жылы ол 73 биеден 73 құлын өсіріп, өзінің де, шаруашылықтың да абыройын асырды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен **Бейсалиев Міртайға** мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970. – 75-76-б.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=24742



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

БЕКБОЛАТОВ ӘБИТАЙ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2500 медаль, Ленин ордені № 74557



БЕКБОЛАТОВ Әбітай - Жамбыл облысы Талас ауданы Шолақтау шаруашылығының аға шопаны. 1900 жылы жылы ҚР Жамбыл облысы Талас ауданында шаруа отбасында дүниеген келген. Ұлты қазақ.

1935 жылы Жаңа өткел колхозына мүше болып кіріп, қойшы болды. Содан зейнетке шыққанша шопан, аға шопан болып, қазақы тұқымды қой шаруашылығының дамуына, қой басының өсуіне, қой тұқымының жақсаруына үлкен үлес қосты. Өз мамандығын жете меңгерді және құрмет тұтты, адал, аянбай еңбек етіп, абыройға ие болды. Мал өсіруде ұзақ жылдар бойы жинаған тәжірибесін ұдайы байытып, жетілдіріп, көптің игілігіне айналдырды. Аға шопанның еңбектегі жетістіктері еленіп, 1946 жылы ол Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1947 жылы мол табысқа жетті. Бағымындағы қазақы тұқымды 405 саулықтан 490 қозы алып, әр қозының орта салмағын енесінен айырада 40 килограмға дейін жеткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен **Бекболатов Әбітайға** мал шаруашылығынан 1947 жылы аса жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970. – 75-76-б.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29413



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

БЕКТЕНОВ СӘДІБЕК



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2485 медаль, Ленин ордені № 74596



БЕКТЕНОВ Сәдібек - Жамбыл облысы Талас ауданы Қызыл мақташы колхозының аға шопаны.

1887 жылы жылы ҚР Жамбыл облысы Талас ауданында шаруа отбасында дүниеген келген. Ұлты қазақ.

1931 жылы жергілікті ауыл шаруашылығы артеліне мүше болып кіріп, алғашында мақташы болды. 1935 жылдан бастап Қызыл мақташы колхозында қойшы, кейін аға шопан болып еңбек етті.

Сәдібек Бектенев қарамағындағы қой отарының сапалы өніп-өсуіне зор мән берді. Саулықтардың, қошқарлардың сапасын жақсартып отырып, отардағы қой тұқымын жүйелі түрде жақсартуды жолға қойды. Мал өнімдері жыл сайын өсіп отырды.

1947 жылдың қорытындысы бойынша ол үздік көрсеткіштерге қол жеткізді. Бағымындағы қазақы тұқымды 420 саулықтан 546 қозы алып, әр қозының орта салмағын енесінен айырарда 40 килограмға жеткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен **Бектенев Сәдібекке** мал шаруашылығынан 1947 жылы аса жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970. – 75-76-б.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29415



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

БИЖАНОВ ӘБЗЕЛБЕК



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 12.07.1949
№ 4115 медаль, Ленин ордені № 105654



БИЖАНОВ Әбзелбек — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, Амангелді атындағы колхоздың жылқышысы. 1895 жылы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы, Талас ауданында шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру басталғанда, 1929 жылы, Әбзелбек Бижанов Амангелді атындағы ауыл шаруашылығы артеліне жұмысқа тұрып, жылқышы болып жұмыс істейді. Бастапқыда шаруашылықта 180 бас мал болса, 5 жылдан кейін олардың саны 450-ге жетті. Ол табын жылқы шаруашылығындағы табыстың тың көзі жайылымдық жерлер мен табиғи байлықты дұрыс және ұтымды пайдалану, қыстауға тыңғылықты дайындалу екендігіне көз жеткізді, жылдар бойы мал өліміне жол бермеді. 1948 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша 54 биеден 54 құлын алып, оны табындық бағым жағдайында аман сақтап, өсірді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Бижанов Әбзелбекке** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29456



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ҒҰБАШЕВ ШАРАПИ ҒҰБАШҰЛЫ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 01.12.1949
№ 4958 медаль, Ленин ордені № 68047

ҒҰБАШЕВ Шарапи Ғұбашұлы — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, Талас қаракөл совхозының директоры. 1913 жылы Қазақстан Республикасы Атырау облысында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1947-1957 жылдары Жамбыл облысы Талас ауданы Талас қаракөл совхозында аға мал дәрігері, бас мал дәрігері, директор болды.

Шарапи Ғұбашұлы ғылым мен озат тәжірибе жетістіктеріне сүйеніп, қаракөл елтірісінің сапасын арттырудың технологиясына өзіндік жаңалық енгізді, оны іс жүзінде қолданды. Нәтижесінде қаракөл қойлар егізден туып, қозылардың елтірісі алтындай құлпырып, өте сапалы болып шықты. 1948 жылы 3042 аналық қаракөл қойдан алынған қаракөл елтірісінің 86 пайызы мемлекетке бірінші сұрыпты жоғары сапамен тапсырылды. Шаруашылық миллион сомнан аса таза пайда тапты.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 1 желтоқсандағы Жарлығымен 1948 жылы совхоз мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін совхоз директоры **Ғұбашев Шарапи Ғұбашұлына** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герой страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=25995



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ДӘУРЕНБЕКОВ ТАСТЕМІР



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2511 медаль, Ленин ордені № 74564



ДӘУРЕНБЕКОВ Тастемір — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Кеңестөбе колхозының аға шопаны. 1893 жылы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қостөбе ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1930 жылы Кеңестөбе ауылшаруашылық артелінде сушы болып жұмыс істеді, 1935 жылдан колхоздың жылқышысы болып еңбек етіп, мал басының өсуіне, тұқымының жақсаруына үлес қосты.

Тастемір Дәуренбеков қарамағындағы жылқыны табындық бағым жағдайында өсірді, жайылымдық жерлерді тиімді пайдаланды. Қысқа мұқият дайындалды. Жылқылары қыстан қонды, күйлі қалыпта шықты. Жылқы тұқымын ұдайы жақсартып, жетілдіріп отырды. Еңбек өнімділігі жыл сайын арта түсті. 1947 жылы Т. Дәуренбеков өзінің бағымындағы 72 биеден 72 құлын өсіріп, құлынтайларының басын аман сақтады.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Дәуренбеков Тастемірге** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://www.warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=24785



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ДОСЫМБАЕВ ӘБДІЖАПАР



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2323 медаль, Ленин ордені № 74406



ДОСЫМБАЕВ Әбдіжапар — ҚР Жамбыл облысы, Талас аудандық атқару комитетінің төрағасы. 1913 жылы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Шу ауданында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Әбдіжапар Досымбаев 1941 жылдан Жамбыл облысы жер бөлімінде қызмет етті. 1946 жылы Жамбыл облысындағы Талас аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызметке тұрды.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда Талас ауданының экономикасы біртіндеп көтеріле бастаған еді. Ә. Досымбаев аудандық атқару комитетінің төрағасы ретінде ауданның экономикалық дамуына жаңа серпін берді: 1947 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша ауданның жоспардағы көрсеткіштері жоғары деңгейге көтерілді. Жылдық жоспар сүт өндіруде 20 пайызға, жүн қыркуда 25 пайызға, ірі қара мал бордақылауда 30 пайызға артығымен орындалды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Досымбаев Әбдіжапарға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29403



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ DAҢҚЫ APТА БЕРСІН!

ЕГЕМБЕРДИЕВ ҚАТПА



Социалистік Еңбек Ері

Жарлық мерзімі: 22.03.1966

№ 11262 медаль, Ленин ордені № 354023



ЕГЕМБЕРДИЕВ Катпа — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Жданов совхозының аға шопаны.

1922 жылы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Талас ауданы аумағында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Егембердиев Катпа шаруашылықтың маңдай алды шопаны болды. Мал басын аман сақтау, қозы алу, жүн қырқу бойынша ол бірнеше жыл бойында бүкіл ауданда алдына жан салмады. 1963 жылы өзінің бағымындағы 875 қаракөл саулығының әр жүзінен 147 қозы алып, қаракөл елтірісінің 83 пайызын бірінші сұрыпта өткізді, әр қойдан 2,8 килограмм жүн қырқықты. 1964 жылы әр жүз саулықтан 149 қозы алып, мемлекетке 640 дана жоғары сапалы елтірі тапсырды, әр қойдан 3 килограмнан жүн қырқықты. Ерен еңбегі, еңбекті дұрыс ұйымдастыра білуі, кәсіби біліктілігі арқасында ол 1965 жылы бұдан да жоғары сапалы көрсеткіштерге қол жеткізді: әр жүз саулықтан 161 қозы алып, елтірінің 81 пайызын мемлекетке бірінші сұрыпта өткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1966 жылғы 22 наурыздағы Жарлығымен мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Егембердиев Катпаға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герой страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29515



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ЕГЕМБЕРДИЕВА НАУАТ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2466 медаль, Ленин ордені № 74573

ЕГЕМБЕРДИЕВА Науат — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданында товарлы-сүт фермасының меңгерушісі. 1917 жылы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Талас ауданының Ойық селосында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Науат Егембердиева 1933 жылы Кеңестөбе ауыл шаруашылық артеліне мүше болып кірді. 1934-1941 жылдары мақташылар звеносының жетекшісі болды, одан кейін 1956 жылға дейін товарлы-сүт фермасының меңгерушісі болды.

Н. Егембердиева сауыншылар ұжымын өнімді еңбекке жұмылдырып, әр сауыншының бар күш-қайратымен, аянбай, адал еңбек етуіне толық жағдай жасалуына қол жеткізді. Сауын сиырларды мұқият күтіп, бағу, жоғары қоректі, қуаты мол жем-шөпті уақытымен әзірлеу және малға уақытымен беру, басқа да маңызды шараларды дер кезінде атқару игі нәтижелерін бере бастады. Товарлы-сүт фермасындағы екпінді еңбек, білікті басқару, шебер ұйымдастыру 1947 жылы жоғары өнім алуға негіз болды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Егембердиева Науатқа** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герой страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=24793



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ DAҢҚЫ APТА БЕРСІН!

ЕРКІНОВ БАЙНАЗАР



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2515 медаль, Ленин ордені № 74552

ЕРКІНОВ Байназар — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Үшарал колхозының аға шопаны.

1890 жылы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Үшарал ауылында дүниеге

келген. Ұлты қазақ.

Байназар Еркінов Үшаралдың озат шопаны болды. Қыста қойын қары жұқа, оты мол жайылымдарда жайып, саулықтардың іші өскен кезде, отарын ауыл маңындағы мал түспеген соны жайылымға салды. Қысқы жем-шөпті де уақытымен жинап, қыстың қиындытарына сақадай сай тұрды. Тәжірибесі мол, кәсіби біліктілігі жоғары шопан отарындағы малдың қыстан қонды шығуына, мал төлдетуді жоғары деңгейде өткізуге қажетті іс-шараларды кешенді түрде жүзеге асырды. Ерен еңбек озат шопанды абыройға бөледі. 1947 жылы отарындағы 400 қазақы тұқымды саулықтың әр жүзінен 135 қозы алды. Шаруашылыққа 50 мың сомнан астам кіріс әкелді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен аға шопан **Еркінов Байназарға** 1947 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герой страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29420



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ DAҢҚЫ APТА БЕРСІН!

ЕСЕМБЕКОВ ПАЛУАН



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2510 медаль, Ленин ордені № 74600



ЕСЕМБЕКОВ Палуан — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Ленин атындағы колхоздың аға шопаны. 1915 жылы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Талас ауданында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Палуан Есембеков 1929 жылы жергілікті ауылшаруашылық артеліне қабылданып, шопан болып еңбек етті. 1939-1940 жылдары кеңес-фин соғысына қатысып, Ұлы Отан соғысында Отанын қорғады. 1941 жылы қыркүйекте ауыр жараланып, елге оралды, колхозшы болып еңбекке араласты. 1945 жылы қаңтарда еңбек армиясына шақырылды. Соғыстан кейін колхоздың аға шопаны болым жұмыс істеді. Қой бағып, мал басын өсірудің, қой төлдетудің, жүн қыркудың жылдық жоспарын асыра орындап, озат шопандар қатарына қосылды. 1947 жылы ол үлкен табысқа жетті. Отарындағы 400 қазақы тұқымды аналық қойдан 500 қозы алып, аман өсірді. Әр қозының орташа салмағын енесінен айырғанда 40 килограммға жеткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Есембеков Палуанға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29421



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ DAҢҚЫ APТА БЕРСІН!

ЕСІРКЕПОВ ҚҰДАЙБЕРГЕН



Социалистік Еңбек Ері

Жарлық мерзімі: 23.07.1948

№ 2518 медаль, Ленин ордені № 74598

ЕСІРКЕПОВ Құдайберген — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Қызыл мақташы колхозының аға шопаны. 1890 жылы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Талас ауданында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Құдайберген Есіркепов ұжымдастыру басталғанда, жергілікті ауылшаруашылық артеліне мүше болып кіріп, қой бақты. 1939 жылдан бастап Қызыл мақташы колхозының аға шопаны болып еңбек етті.

Жастайынан мал бағып, егде малшылардың еңбегін көріп, көңіліне түйіп өскен шопан бар күш-қайратын жұмсап, аянбай еңбек етті, тәжірибе жинады. Өзінің көріп-білгенін мал шаруашылығын өркендетудегі озат тәжірибелермен ұштастыру, жаңшыл әдістерді, жаңа жетістіктерді меңгеру және ретімен қолдану өз жемістерін бере бастады.

1947 жыл аға шопан Құдайберген Есіркепов үшін айрықша табысты жыл болды. Ол қарамағындағы қазақы тұқымды 423 саулықтан 556 қозы алып, олардың бәрін аман сақтап өсірді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Есіркепов Құдайбергенге** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29429



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ DAҢҚЫ APТА БЕРСІН!

ЖАНБОСЫНОВ КҮРТІБАЙ



Социалистік Еңбек Ері

Жарлық мерзімі: 23.07.1948

№ 2499 медаль, Ленин ордені № 74565

ЖАНБОСЫНОВ Күртібай — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Кеңестөбе колхозының ферма меңгерушісі.

1893 жылы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Талас ауданында

дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Күртібай Жанбосынов 1930 жылы Кеңестөбе ауылшаруашылық артеліне қабылданып, мақта өсіру бригадасын басқарды. 1938 жылдан бастап қой шаруашылығы фермасын басқарып, шопандардың жаңа еңбек тәртібі жағдайында жұмыс істеуіне, қойды жайылымда бағу, жайылымдарды тиімді пайдалану, қой қыстату, қой төлдету саласындағы озат тәжірибелер мен ғылым жетістіктерін игеріп, өзінің іс-тәжірибесінде пайдалануына қажетті жағдай қалыптастырды. Ерлікке парапар осындай ерен еңбек нәтижесінде фермадағы шопандар табыстан табысқа жете бастады. 1947 жылы Күртібай Жанбосынов қазақы тұқымды 1466 аналық қойдан 1795 қозы алды, қозының орта салмағы 41 кг. жетті. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Жанбосынов Күртібайға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герой страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=24775



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ЖҰМАНБАЕВ ӘБІЛАМАТ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 01.12.1949
№ 4962 медаль, Ленин ордені № 73324

ЖҰМАНБАЕВ ӘбілаMAT — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Талас қаракөл совхозының аға шопаны. 1909 жылы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Талас ауданындағы Үшарал ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

ӘбілаMAT Жұманбаев 1929 жылы құрыла бастаған Талас қой шаруашылығы артеліне мүше болып кіріп, қой бақты. Ұзақ жылдар бойы Талас қаракөл совхозында қаракөл қой шаруашылығын дамыту саласында, қаракөл елтірісінің сапасын жақсарту жолында аянбай еңбек етті.

Еңбекқор, ізденімпаз, көргені көп, көңілге түйгені мол аға шопан мал бағудағы, қаракөл қой шаруашылығы өнімдерін алудағы бай тәжірибесін ұдайы жетілдіре отырып, ерен табыстарға жетті. 1948 жылдың қорытындысы бойынша Ә. Жұманбаев қаракөл қой отарындағы 722 бас саулықтың әр жүзінен 108 қозы алды, қаракөл елтірісінің 86 пайызын мемлекетке бірінші сұрыпта өткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 1 желтоқсандағы Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Жұманбаев ӘбілаMATқа** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герой страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29485



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

КЕЙКИЕВ БАЙГЕЛДІ



Социалистік Еңбек Ері

Жарлық мерзімі: 23.07.1948

№ 2509 медаль, Ленин ордені № 74584



КЕЙКИЕВ Байгелді — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Кеңестөбе колхозының төрағасы.

1897 жылы Кеңестөбе ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1930 жылы Кеңестөбе колхозын ұйымдастыруға қатысты, мақташылар бригадасын басқарды, 1933-1951 жылдары осы колхоздың басқарма төрағасы болды. Соғыстан кейінгі халықшаруашылығын қалпына келтіру кезеңінде Байгелді Кейкиев басқарған колхоз аудандағы алдыңғы қатарлы шаруашылыққа айналды.

1947 жылы колхоз зор табыстарға жетті. Әр жүз саулықтан - 122 қозы, 104 сиырдан – 104 бұзау, 145 биеден 145 құлын алып, аман өсірді. Сүт сауу жоспары 850 литрдің орнына 1250 литр болып орындалды, әр қойдан 3 кг. астам жүн қырқылды. Ұсақ тұяқ 32 пайызға, жылқы 38 пайызға өсті. Бұл облыс бойынша үлкен көрсеткіш еді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығының жоғары өнімділігіне қол жеткізгені үшін **Кейкиев Байгелдіге** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Еңбек еріне Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=24754



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ҚАРБАСОВ ПОШТАБАЙ



Социалистік Еңбек Ері

Жарлық мерзімі: 23.07.1948

№ 2501 медаль, Ленин ордені № 74551

ҚАРБАСОВ Поштабай — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Ерназар атындағы колхоздың аға шопаны. 1892 жылы ҚР Жамбыл облысы Талас ауданында шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Бала кезінен жалдамалы жұмыс істеген, жалданып мал баққан. 1932 жылы Ерназар ауылшаруашылық артеліне мүше болып кірді. Ерназар атындағы колхозда қой бақты, кейін аға шопан болып еңбек етті.

Поштабай Қарбасов мал басын аман сақтап, төл алуда, жүн қырқуда ерен еңбек етті. Мал өсірудегі байырғы әдіс-тәсілдерді, жылдар бойы жинаған өз тәжірибесін ұдайы байытып, жоғары көрсеткіштерге ие болды.

П. Қарбасов 1947 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша үлкен табысқа жетті. 416 бас қазақы тұқымды аналық қойдан 505 қозы алып, оларды өсіріп, әр қозының орташа салмағын 40 кг. жеткізді. Жүн қырқу жоаспарын асыра орындады.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін **Қарбасов Поштабайға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені және «Орақ пен балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29431



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ҚАСЫМБЕКОВ ОРМАН



Социалистік Еңбек Ері

Жарлық мерзімі: 23.07.1948

№ 2505 медаль, Ленин ордені № 74548

ҚАСЫМБЕКОВ Орман — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Амангелді атындағы колхоздың аға шопаны.

1882 жылы ҚР Жамбыл облысы Талас ауданында шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Бала кезінен жалдамалы жұмыс істеген, жалданып қой баққан. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру басталғаннан бері (1929 жылдан бері) Орман Қасымбеков Талас ауданындағы Амангелді атындағы колхозда қой бақты, кейін аға шопан болып еңбек етті. Ұзақ жылдар бойы мал басын аман сақтап, төл алуда, жүн қырқуда колхоз бойынша ең жоғары көрсеткіштерге жетті. 1947 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша 403 қазақы тұқымды аналық қойдан 542 қозы алып, оларды өсіріп, саулық қатарына қосты.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығынан айырықша жоғары өнім алғаны үшін **Қасымбеков Орманға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Еңбек Еріне Ленин ордені және «Орақ пен балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29434



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ҚИБАСАРОВ СӘТЕКБАЙ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 12.07.1949
№ 2488 медаль, Ленин ордені № 74547

ҚИБАСАРОВ Сәтекбай — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Шаруашылық колхозының аға шопаны. 1892 жылы Қазақстанның Жамбыл облысы, қазіргі Талас ауданында шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Жас кезінен байларға жалданып, жалдамалы жұмыс істеген.

1930 жылы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру басталғанда, Сәтекбай Қибасаров Шаруашылық артеліне мүше болып кірді. 1941-1956 жылдары аға шопан біліп істеді.

С. Қибасаров қой отарын шығынсыз бағып, төл алу мен жүн қырқуда колхозда ең жоғары көрсеткіштерге ие болды. 1947 жылғы еңбек нәтижесі бойынша ол Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1948 жылы қазақы тұқымды қойдың әр жүз саулығынан 128 қозы алып, өсірді. Әр қозының салмағын 42 килограмға жеткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығының жоғары өнімділігіне қол жеткізгені үшін **Қибасаров Сәтекбайға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Еңбек еріне Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29464



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ҚҰРМАНОВ ӘБДІРӘСІЛ



Социалистік Еңбек Ері

Жарлық мерзімі: 12.07.1949

№ 4112 медаль, Ленин ордені № 105655

ҚҰРМАНОВ Әбдірәсіл — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Комсомол колхозы (кейін – Ленин колхозы, Ильич совхозы) жылқы шаруашылығының меңгерушісі.

1900 жылы Қазақстанның Жамбыл облысы Талас ауданы Қызыләуіт ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың басталуымен 1931 жылы Комсомол артеліне мүше болып кірді, сонда есепші болды, 1941 жылы жылқы фермасын басқарды. Жылқы бағу, жылқы басын көбейтуге зор үлес қосты. 1949 жылы ол басқарған жылқы фермасы 100 биеден 100 құлын алды. Ә. Құрманов Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында жоғары көрсеткіштерге ие болды. 1948 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша өз қарауындағы 53 биеден 53 құлын алып, аман өсірді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығының жоғары өнімділігіне қол жеткізгені үшін **Құрманов Әбдірәсілге** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29463



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ҚЫДЫРБАЕВ ТІЛЕП



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2488 медаль, Ленин ордені № 74547



ҚЫДЫРБАЕВ Тілеп — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Чкалов атындағы колхоздың аға шопаны. 1884 жылы Жамбыл облысы, қазіргі Талас ауданында шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Жас кезінен байларға жалданып, жалдамалы жұмыс істеген. Ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың басталуымен Тілеп Қыдырбаев 1929 жылы Елтай атындағы ауылшаруашылық артеліне мүше болып кірді. Осы шаруашылықта қазақы тұқымды қой бағып, шопан, аға шопан болып жұмыс істеді. Бұл артель кейін Чкалов колхозы болып аталды.

Т. Қыдырбаев ұзақ жылдар бойы қой отарын шығынсыз бағып, төл алу мен жүн қырқуда колхозда ең жоғары көрсеткіштерге ие болды. 1947 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша 400 қазақы тұқымды аналық қойдан 528 қозы алды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығының жоғары өнімділігіне қол жеткізгені үшін **Қыдырбаев Тілепке** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Еңбек еріне Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29388



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

МҮСІРӘЛИЕВ БАЙҚОШҚАР



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2465 медаль, Ленин ордені
№ 74574

МҮСІРӘЛИЕВ Байқошқар — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, Чкалов атындағы колхоздың төрағасы.

1897 жылы ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданында дүниеге

келген. Ұлты қазақ.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру басталғанда, 1929 жылы, Байқошқар Мүсірәлиев Елтай атындағы ауыл шаруашылығы артеліне жұмысқа қабылданды. Ұлы Отан соғысына қатысып (1941-1944), Отан қорғады. Соғыстың алғашқы кезеңіндегі қорғаныс ұрыстарында екі рет жараланды.

Елге келген соң, ол әуелі Жамбыл облысы Талас ауданындағы Чкалов атындағы колхозда төрағаның орынбасары, содан кейін төрағасы болып қызмет атқарды. Ол басқаратын колхоздың малшылары 1947 жылғы еңбек қорытындысы бойынша әр жүз аналық қойдан 125 қозы алып, табындағы 158 биеден 158 құлын өсірді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнімділік алғаны үшін **Мүсірәлиев Байқошқарға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29386



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

МЫҢЖАСАРОВ МҰҚЫШ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 01.12.1948

МЫҢЖАСАРОВ Мұқыш — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы аумағындағы КСРО Совхоздар министрлігіне қарасты Талас қаракөл совхозының аға шопаны.

1881 жылы дүниеге келген. Ұлты қазақ. Мұқыш Мыңжасаров Жамбыл облысы

Талас ауданындағы Талас қаракөл қой совхозында аға шопан болып өнімді еңбек етті, қаракөл қой шаруашылығын дамытуда, сапалы қаракөл елтірісін алуда, ғылым мен озат тәжірибе жаңалықтарын ұштастыруда, қаракөл қойын қолдан ұрықтандыру жұмыстарын ғылыми негізде жүргізуде жоғары білікті мамандардың кеңесімен және басшылығымен 1948 үлкен табыстарға ие болды. Қаракөл елтірісі сапасының жоғары болуы үшін қажетті жаңа технологияның өз отарында сәтті қолданылуына қажетті жағдай жасады. Қаракөл қойының әр жүзінен 108 қозы алды, мемлекетке қаракөл елтірісінің 85 пайызын бірінші сұрыпта тапсырды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 1 желтоқсандағы Жарлығымен мал шаруашылығынан жоғары өнімділік алғаны үшін **Мыңжасаров Мұқышқа** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970. – 410-б.

2. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#> С. 295.



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

МЫРЗАҒАЛИЕВ ХАЛИЛ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2493 медаль, Ленин ордені № 74586



МЫРЗАҒАЛИЕВ Халил — ҚР Жамбыл облысы, Талас аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас мал дәрігері.

1911 жылы ҚР Орал облысы Бөкейорда ауданы аумағында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Орал малдәрігерлік техникумын, Саратов зооветеринарлық институтын бітірген. Батыс Қазақстан облысында, Сталинград облысында көмекші мал дәрігері, мал дәрігері болып жұмыс істеді.

1946 жылдан бастап Жамбыл облысы Талас аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас мал дәрігері қызметін атқарды. Ветеринарлық білімі жоғары, еңбек тәжірибесі бай Х. Мырзағалиев ауданның мал шаруашылығының дамуына бар білімі мен тәжірибесін, күш-қайратын жұмсады.

1947 жылы Х. Мырзағалиев Талас ауданы бойынша жылдық жоспардың сүт сауу бойынша - 20 пайызға, жүн қырку бойынша - 25 пайызға, мал бордақылау бойынша 30 пайызға артығымен орындалуын қамтамасыз етті.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнімділігіне жеткені үшін **Мырзағалиев Халилге** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.


Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

НАЙЗАЕВ ЖҰМА



Социалистік Еңбек Ері

Жарлық мерзімі: 23.07.1948

№ 2465 медаль, Ленин ордені № 74574

НАЙЗАЕВ Жұма — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы аумағындағы Бостандық совхозының аға шопаны.

1885 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданы аумағында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Жұма Найзаев әуелі Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Көмекші колхозында, одан кейін Бостандық совхозында шопан, аға шопан болып еңбек етті.

Аға шопан қазақы тұқымды қой өсірудің жаңашыл әдістері мен тәсілдерін дәстүрлі тәжірибемен байланыстырып, жаздың ыстығы мен қыстың суығында малының қоңын төмендетпей, кездейсоқ шығынға жол бермей, әр жылды толымды табыстармен қарсы алды.

1947 жылы Жұма Найзаев Мал өнімін көбейтуде үлкен жетістіктерге жетті. Отарындағы қазақы тұқымды 405 саулықтың әр жүзінен 485 қозы алып, оларды аман өсірді, енесінен айырғанда әр қозының орташа салмағы 40 килограмға жетті.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнімділік алғаны үшін **Найзаев Жұмаға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#> С. 295.



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

НАУРЫЗБАЕВ ОҢҒАРБАЙ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2478 медаль, Ленин ордені
№ 74583



НАУРЫЗБАЕВ Оңғарбай — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Бостандық колхозының аға шопаны. 1891 жылы ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданына қарасты Бостандық ауылында дүниеге келген. Ұлты

қазақ.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру басталғанда, 1930 жылы, Оңғарбай Наурызбаев Бостандық колхозында шопан. 1934 жылдан бастап аға шопан болып еңбек етті. 1942 жылдан Ұлы Отан соғысына қатысты, 1946 жылы соғыстан жеңіспен оралып, туған ауылында аға шопан болып жұмысын жалғастырды.

Мойынқұмның қойнауы мен Талас пен Аса жағалауларындағы жайылымдарды тиімді пайдаланды. Аға шопанның табыстары жылдан жылға арта берді. 1947 жыл Оңғарбай Наурызбаев үшін жемісті жыл болды. Ол отарындағы қазақы тұқымды 400 саулықтан 494 қозы алып, оларды аман өсірді. Енесінен айырғанда, әр қозының орташа салмағын 40 килограмға жеткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнімділік алғаны үшін **Наурызбаев Оңғарбайға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.


2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29438



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

НҮРҒОЖАЕВ СЕЙІЛЖАН



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2464 медаль, Ленин ордені № 74571

НҮРҒОЖАЕВ Сейілжан — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Ойық қаракөл совхозының аға шопаны.

1905 жылы ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру басталғанда, 1929 жылы, Нұрғожаев Сейілжан ауыл шаруашылығы артеліне жұмысқа кірді. Ұлы Отан соғысына қатысып (1941-1944), Отан қорғады, 1943 жылдың аяғында ауыр жараланды. 1944 жылы жарақаты жазылып, әскер қатарынан босанды, ауылына келген соң қой бағып, мал өсірумен шұғылданды. Майдангер шопан екі-үш жыл көлемінде әріптестерінің алдыңғы қатарына шықты. Алдындағы отардың әр жүз саулығынан 110-115 қозыдан алды, мал басын 97-98 пайыз аман сақтап, жоғары көрсеткіштерге жетті. 1948 жыл бағуындағы 403 қазақы тұқымды саулықтың әр жүзінен 120 қозыдан алып, мал басын аман сақтады. Енесінен айырғанда, әр қозының салмағы 40 килограмм болды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнімділік алғаны үшін **Нұрғожаев Сейілжанға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.




ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ОМАРОВ АЙТЕТЕ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 01.12.1949
№ 4957 медаль, Ленин ордені № 107246



ОМАРОВ Айтете — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, КСРО совхоздар министрлігі Талас қаракөл совхозының аға шопаны.

1880 жылы ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Үшарал ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру басталғанда, жергілікті ауыл шаруашылығы артеліне кіріп, ұжымның қойын бақты. 1940 жылдан Талас қаракөл совхозында аға шопан болып істеді. Ұлы Отан соғысы (1941-1945) аяқталған соң, совхоздың бас мамандарының басшылығымен қаракөл тұқымын жақсарту шараларына қатысты. Нәтижесінде қаракөл елтірісінің жоғары сапалы болуына қол жеткізді. Әлемдік нарықта оның құндылығы алтынмен парапар болды.

1948 жылы Айтете Омаров қарамағындағы 748 қаракөл саулықтың әр жүзінен 107 қозы алды, қаракөл елтірісінің 85 пайызын мемлекетке бірінші сұрыпта өткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 1 желтоқсандағы Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнімділік алғаны үшін аға шопан **Омаров Айтетеге** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ОРАЗБАЕВ АҚБАЙ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 27.04.1961



ОРАЗБАЕВ Ақбай - ҚР Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Шолақтау (қазіргі Қаратау) қаласы № 194 поездың жол құрылыс-монтаждау жұмысшыларының бригадирі. Ұлты қазақ.

1924 жылы Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты Қамбаш станциясында дүниеге келген.

Еңбек жолын Арал ауданындағы Райм балық аулау колхозында бастады. 1943-1945 жылдары әскер қатарында болды, Ұлы Отан соғысына қатысып, Отан қорғады.

1946-1956 жылдары Мойынты-Шу темір жолы құрылысында бригадир, 1956 жылдан «Түрксибтранстрой» тресінің № 137 құрылыс-монтаждау пойызында «Ақтоғай-Достық» теміржол құрылысының бригадирі болып жұмыс істеді. 1960 жылдан Шолақтау (қазіргі Қаратау) қаласы № 194 пойызы жол құрылыс-монтаждау жұмысшыларының бригадирі.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1961 жылғы 27 сәуірдегі Жарлығымен «Ақтоғай-Достық» темір жолын салудағы жоғары өндірістік жетістіктері үшін **Оразбаев Ақбайға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

2. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадиков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 315.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>

[https://ru.wikipedia.org/wiki/Список_Героев_Социалистического_Труда_\(У\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Список_Героев_Социалистического_Труда_(У))



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ОРАЗБАЕВ ДҮКЕНБАЙ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948

ОРАЗБАЕВ Дүкенбай (1894-1955) ҚР Жамбыл облысына қарасты Талас ауданында туған. Ұлты қазақ. 1930 жылы Елтай атындағы ауылшаруашылық артеліне мүше болып кірді. 1933-1937 жылдары Чкалов атындағы колхоздың председателі, кейін жылқышы болды.

Д. Оразбаев үшін жылқышы болу басқа жұмыстардың бәрінен де маңызды болды. Қарауындағы жылқының басын сақтап, мезгілінде құлындатып, құлын-тайларды аман өсіруге ерекше жауапкершілікпен қарады.

Жаздың ыстығына, қыстың суығына қарамай, ерен еңбек етті, боранды күндерде, дала бөрілері аңдыған аласапыранда ақылмен іс қылып, қапыда қалмай, қайрат көрсетті, мал басын аман сақтап, қыстан қонды шығарудың өзіндік жүйесін жасап, ретін қалыптастырды. 1947 жылы үлкен жетістіктерге жетті: табындық бағымдағы 50 биеден 50 құлын алып, оларды өсіріп, үйірге қосты.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығын дамытудағы үздік жетістіктері үшін **Оразбаев Дүкенбайға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Казак университеті, 2020. - С. 297.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ӨМІРОВ ЕРГЕН



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 05.03.1976
№ 4108 медаль, Ленин ордені № 105664



ӨМІРОВ Ерген ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау таукен комбинаты «Ақсай» руднигінің бригадирі.

1926 жылы Жамбыл облысы Талас ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Ерген Өміров 15 жасынан бастап еңбекке араласты. 1944-1950 жылдары әскер қатарында қызмет етті, Ұлы Отан соғысына қатысты. Әскерден қайтып келгеннен кейін Қаратау фосфор өндіру кенішінде еңбек етті. Машинистің көмекшісі, машинист, кен өндіру бригадирі болып жұмыс істеді. Қаратау кенін игеріп, ел игілігіне пайдалануға беру жолында аянбай, бар күш-қуатын жұмсады. Өзі басқарған кеншілер бригадасының жұмыс сапасын, еңбек өнімділігін арттыру жолында ғылым мен тәжірибе жетістіктерін шебер ұштастырып, зор табыстарға ие болды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1976 жылғы 5 наурыздағы Жарлығымен тоғызыншы бесжылдық міндеттерін орындаудағы және химия өндірісін дамытудағы ерен жетістіктері үшін **Өміров Ергенге** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

2. Қазақстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 315.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>

[https://ru.wikipedia.org/wiki/Список_Героев_Социалистического_Труда_\(У\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Список_Героев_Социалистического_Труда_(У))



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ӨСКЕНБАЕВ ОМАРБЕК



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 12.07.1949
№ 4108 медаль, Ленин ордені № 105664

ӨСКЕНБАЕВ Омарбек (1889-1968)
ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы
Комсомол колхозының, кейін Ильич
совхозының аға шопаны.
Жамбыл облысы Талас ауданында
туған. Ұлты қазақ.

1930 жылы ауылшаруашылық артеліне жұмысшы болып кірді. 1939 жылдан бастап аға шопан болып еңбек етті.

Омарбек Өскенбаев қарамағындағы мал басын аман сақтап өсіруге, мал басын арттыруға, әр қойдан жүн қырқудың салмағы мен сапасын арттыруға үлкен жауапкершілікпен қарады, өзінің бар күш-жігерін, бай тәжірибесін осы мақсатқа жету үшін жұмсады.

1948 жылы ол айтарлықтай айрықша табыстарға ие болды. Қарамағындағы 400 қойдың әр жүз саулығынан 122 қозы алды, әр қозының салмағын енесінен айырғанға дейін 40 килограмға жеткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығын дамытудағы үздік жетістіктері үшін **Өскенбаев Омарбекке** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені, алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

Герой страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29478

2. Қазақстанцы-герой труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 297.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

РЫСПАЕВ АЛПАМЫШ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 12.07.1949

РЫСПАЕВ Алпамыш - ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Үшарал шаруашылығының аға шопаны.

1887 жылы ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Үшарал ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1917-1918 жылдары Қызыл Армия қатарында болды, одан кейін Үшарал ұжымдық шаруашылығына мүше болып кірді. Үшарал совхозының, кейін Коммунар совхозының шопаны, аға шопаны болып жұмыс істеді.

А. Рыспаевтың отары шаруашылықтағы маңдай алды отарлардың бірі болды. Ол өзінің бар күш-қуатын, тәжірибесін қарамағындағы малдың басын аман сақтауға, өнімін арттыруға жұмсады. Қаракөл қойын бағудың, қаракөл елтірісінің жоғары сапалылығына жетудің әдістері мен тәсілдерін, амалдарын тиімді пайдаланды. Ол 1948 жылы айрықша жоғары нәтижелерге жетті. Қарауындағы 432 саулықтың әр жүзінен 122 қозы алды, қаракөл елтірісінің 90 пайызын мемлекетке бірінші сұрыпта өткізді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығын дамытуда жоғары өнімділік алғаны үшін **Рыспаев Алпамышқа** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені, алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970. – 285-бет.
2. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 287.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

САҒЫНТАЕВ ӘБДІР



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 01.12.1949
№ 4965 медаль, Ленин ордені № 66096



САҒЫНТАЕВ Әбдір - ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, КСРО совхоздар министрлігі Талас қаракөл совхозының ферма меңгерушісі. 1921 жылы ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Үшарал ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Еңбек жолын 1940 жылы Талас қаракөл шаруашылығында мал шаруашылығы маманы болып бастаған. 1941 жылғы қазаннан Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1942 жылы 18 тамызда ауыр жараланады. 1943 жылы әскерден босатылады, «Қызыл жұлдыз» орденімен наградталады. Елге келген соң, жұмысын жалғастырып, шаруашылыққа меңгеруші (1943-1957) болып тағайындалады. Майдангер маман басқарған шаруашылық қарыштап дамыды, 1948 жылы 2092 саулықтың әр жүзінен 113 қозы алды, қаракөл елтірісінің 86 пайызын бірінші сұрыпта тапсырды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 1 желтоқсандағы Жарлығымен 1948 жылы совхоздың мал шаруашылығын дамытуда жоғары өнімділік алғаны үшін **Сағынтаев Әбдірге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені, алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.**

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29183
3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Сзд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Казак университеті, 2020. - С. 298.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

САЗАҚБАЕВ АЙҚОЖА



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 15.09.1948

САЗАҚБАЕВ Айқожа - ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Түгіскен совхозының аға шопаны.

1900 жылы Жамбыл облысы Талас ауданында туған. Ұлты қазақ.

1929 жылы ұйымдасқан Төгіскен ауылшаруашылық артелине қойшы болып кірді, Төгіскен қаракөл совхозында аға шопан болып жұмыс істеді.

Айқожа Созақбаев Төгіскен совхозында аға шопан болып жұмыс істеген жылдары қаракөл қой шаруашылығын дамыту, қаракөл елтірісінің сапасын жақсарту мемлекеттік маңызы зор, өзекті міндетке айналды.

Тәжірибелі шопан ерінбей, жалықпай еңбек етті, малдың бағымын, күтімін ұдайы жақсарты отырып, мал басын аман сақтап, оның өнімдерін көбейтуге бар күш-жігерін жұмсады. Аға шопанның ерен еңбегі өз нәтижелерін бере бастады.

1947 жыл ол мал басын өсіруде, жүн қыркуда, қаракөл терісінің сапасын жақсартуда үздік жетістіктерге жетті.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығын дамытуда жоғары өнімділік алғаны үшін **Сазақбаев Айқожаға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені, алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 298.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

СӘБДЕНБЕКОВ ТҰРҒЫН



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2480 медаль, Ленин ордені № 74550

СӘБДЕНБЕКОВ Тұрғын (1896-1977) ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Бостандық колхозының аға шопаны.

Жамбыл облысы Талас ауданында туған. Ұлты қазақ.

1930 жылы ауылшаруашылық артеліне қойшы болып кірді, 1940 жылдан бастап Бостандық колхозында аға шопан болып еңбек етті.

Сәбденбеков Тұрғын қазақы қой бағуда жинақтаған көпжылдық тәжірибесін сарапқа салып, тиімді жақтарын таңдап алып, қарамағындағы мал басын аман сақтап өсіруге, мал өнімін ұдайы арттыруға үлкен күш-қайрат жұмсады. Жылдар өз жемісін берді. 1947 жыл ол үшін ерекше табысты болды: қарамағындағы 406 қазақы тұқымды қой саулығынан 504 қозы алды, әр қозының салмағын енесінен айырғанға дейін 41 килограмға жеткізді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығын дамытуда жоғары өнімділік алғаны үшін **Сәбденбеков Тұрғынға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені, алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29445

3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадиков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 297.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

СӘМБЕТОВ ҚАСЫМ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 01.12.1949
№ 2480 медаль, Ленин ордені № 74550



СӘМБЕТОВ Қасым (1896-1977) ҚР
Жамбыл облысы, Талас
ауданындағы КСРО совхоздар
министрлігі Талас қаракөл
совхозының аға шопаны.

Жамбыл облысы Талас ауданы

Үшарал ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1929 жылы Талас ауылшаруашылық артеліне қойшы болып кірді, 1940 жылдан бастап Талас қаракөл қой совхозында қой тұқымын асылдандыру мақсатында селекциялық жұмыстар жүргізген мамандардың басшылығымен жұмыс істеді. Қасым Сәмбетов қаракөл қой тұқымын асылдандыру жұмыстарына белсене араласып, мал өнімін арттыру мен жақсартуға үлкен еңбек сіңірді.

Қ. Сәмбетов 1948 жылы 672 саулықты әр жүзінен 112 қозы алып, мемлекетке қаракөл елтірісінің 87 пайызын бірінші сұрыпта өткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 1 желтоқсандағы Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығын дамытуда жоғары өнімділік алғаны үшін **Сәмбетов Қасымға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені, алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:


1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29210
3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадиков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 298.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

СМАҒҰЛОВ МӘМБЕТ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2497 медаль, Ленин ордені № 74575

СМАҒҰЛОВ Мәмбет — Қазақстан Коопартиясы Жамбыл облысы Талас аудандық комитетінің хатшысы.

1907 жылы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Қордай ауданында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Мәмбет Смағұлов 1939 жылдан бастап жаңадан құрылған Жамбыл облысында партиялық жұмыста болды. Оның күшті ерік-жігері мен ұйымдастырушылық қабілеті Талас аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған кезінде барынша айқын көрінді. М. Смағұловтың басшылығымен аудан экономикасы қарқынды даму деңгейіне көтерілді. Әсіресе мал шаруашылығы саласында үлкен жетістіктерге қол жетті. 1947 жылы жоспардағы әр жүз аналықтан жоспардағы 104 орнына 108 қозы, 80 орнына 90 бұзау, 80 орнына 94 құлын алынды, 600 литр орнына 720 литр сүт сауылды, әр қойдан 2 кг. орнына 2,1 кг. жүн қырқылды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Смағұлов Мәмбетке** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Еңбек Ері Ленин орденімен, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалімен наградталды.

Дерек көздері:


1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://www.warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29381



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

СТРЕЛЬНИКОВ ВИКТОР КУЗЬМИЧ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 20.04.1971
№ 15479 медаль, Ленин ордені № 406765

СТРЕЛЬНИКОВ Виктор Кузьмич — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданындағы «Қаратау» таукен-химия комбинатының машина жүргізушісі.

1924 жылы ҚР Түркістан облысы Байдібек ауданы Жарықбас ауылында туған. Ұлты украин. В.К. Стрельников 1942 жылы армия қатарына шақырылды. Жауға қарсы Калинин, Ленинград, 1,2,3 Прибалтика майдандарында соғысты. 1944 жылы желтоқсанда «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды.

1959 жылы Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласына көшіп келіп, Қаратау таукен-химия комбинатының машина жүргізушісі болып жұмысқа тұрды. Сегізінші бесжылдықтың (1966-1970) жұмыс жоспарын 1966 жылы - 120, 1967 жылы - 122, 1968 жылы - 114, 1969 жылы 115 пайызға артығымаен орындады.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1971 жылғы 20 сәуірдегі Жарлығымен сегізінші бесжылдықтың тапсырмаларын орындаудағы, еңбектің озық әдістерін енгізудегі және жоғары техникалық-өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізген үздік табыстары үшін **Стрельников Виктор Кузьмичке** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:


1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://www.warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29608



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ТАРЖАНОВ МЕДЕТ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№2495 медаль, Ленин ордені № 74599

ТАРЖАНОВ Медет — ҚР Жамбыл облысы Талас аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мал шаруашылығы жөніндегі бас маманы. 1910 жылы Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысы Бөрілі ауданына қарасты Бақтыарал ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1931 жылдан бастап ҚР Алматы облысында, Қырғызстанда мал маманы болып еңбек етті. Ұлы Отан соғысына қатысты. 1946 жылдан Жамбыл облысы Талас аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы болды.

Медет Таржанов 1947 жылы аудан бойынша жылдық жоспардың сүт сауу бойынша 20 пайызға, жүн қырқу бойынша 25 пайызға, мал бордақылау бойынша 30 пайызға артығымен орындаулын қамтамасыз етті.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Таржанов Медетке** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://www.warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29377
3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Казак университеті, 2020. - С. 298.
<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ТАШКЕНТБАЕВ МҰРАТБЕК



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 12.07.1949
№4109 медаль, Ленин ордені № 105651

ТАШКЕНТБАЕВ Мұратбек — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, Амангелді атындағы колхоздың аға шопаны.

1891 жылы ҚР Жамбыл облысы Талас ауданында туған. Ұлты қазақ.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны басталғанда, Мұратбек Ташкентбаев 1929 жылы Амангелді атындағы ауылшаруашылық артелине мүше болып кіреді, сол шаруашылықта шопан болып жұмыс істейді. Колхоздың жайылымға жарамды жерлерін жан-жақты зерттеп, отарындағы қойларды жыл бойында жайылымдық жерде ұстады, түнгі жайлауды тиімді пайдаланды. Ұзақ жылдар бойы мал басын ысырапсыз бағып, төл алуда, жүн қыркуда колхозда ең жоғары көрсеткішке ие болды. 1948 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша М. Ташкентбаев 400 қазақы тұқымды қойдың әрбір жүз аналығынан 130 қозы өсірді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Ташкентбаев Мұратбекке** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Еңбек Ері Ленин орденімен, «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалімен наградталды.

Дерек көздері:


1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29458



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!



ТӘТТІБАЕВ ТҰРСЫНБАЙ



Социалистік Еңбек Ері

Жарлық мерзімі: 12.07.1949

№ 4107 медаль, Ленин ордені № 105663

ТӘТТІБАЕВ Тұрсынбай — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы Комсомол колхозының төрағасы.

1914 жылы ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы аумағында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Еңбек жолын 1933 жылы Комсомол ауыл шаруашылық артелиінде мұғалім болып бастады. Қызыләуіт ауылкеңесінің хатшысы, төрағасы, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аудандық атқару комитетінің нұсқаушысы, 1947 жылдан бастап колхоз басқармасының төрағасы қызметтерін атқарды. Комсомол колхозын қалпына келтіріп, даму қарқынын арттырды. 1948 жылдың қорытындысы бойынша мол астық жинап, табындық бағымдағы 53 биеден 53 құлын өсірді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін **Тәттібаев Тұрсынбайға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.

2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.

https://www.warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29461

3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Казак университеті, 2020. - С. 299.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ТУҒАМБАЕВ ӘМІР



Социалистік Еңбек Ері

Жарлық мерзімі: 23.07.1948

ТУҒАМБАЕВ Әмір – ҚР Жамбыл облысы Талас ауданы, Чкалов атындағы колхоздың жылқышысы.

1905 жылы ҚР Жамбыл облысы Талас ауданында шаруа отбасында дүниеге келді. Ұлты қазақ.

Ұжымдастыру басталғанда, Туғамбаев

Әмір ауылдастарымен бірге Талас алқабында ұйымдастырылған Елтай артеліне (кейін – Чкалов колхозы) мүше болып кірді, жылқы фермасында жылқышы болды. Ә. Туғамбаев жылқы басының өсуіне, ауылдастарының тұрмыс жағдайының жақсаруына аянбай үлес қосты. Сонымен қатар ол колхоз жылқысының тұқымының жақсаруына ерекше мән берді. Сайысқа, көкпарға, бәйгеге, ұзақ жүріске шыдамды жылқы тұқымын өсіруге зор көңіл бөлді. Алдындағы жылқышылармен ақылдасып жүріп, тұқымы жақсы болады деген биелердің үйіріне лайықты айғыр салып, жылқы тұқымын жақсартуға үлес қосты.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы 58 биеден 58 құлын өсіріп, мал шаруашылығынан жоғары өнім алғаны үшін **Туғамбаев Әмірге** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен алтын жұлдыз медалі тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Қазақстанцы-герой труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 300.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ТҰРҒЫНБАЕВ РЫСҚҰЛБЕК



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2507 медаль, Ленин ордені № 74555

ТҰРҒЫНБАЕВ Рысқұлбек — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, Кеңестөбе колхозының аға шопаны. 1913 жылы Қазақстанның Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Кеңестөбе ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Рысқұлбек Тұрғынбаев 1930 жылы Кеңестөбе ауылшаруашылық артеліне мүше болып кіріп, егістік бригадасында сушы болды. 1939 жылдан бастан осы шаруашылықта қазақы тұқымды қой өсіріп, ерен еңбек етті. Отарындағы малдың күйін жақсартып, басын көбейтіп, мал өнімін алуда алдыңғы қатарға шықты. Р. Тұрғынбаев 1947 жылы 404 қазақы тұқымды саулықтан 515 қозы алып, әр қозының енесінен айырғандағы салмағын 41 килограмға жеткізді. Жүн қырқуда жоспарын асыра орындады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Тұрғынбаев Рысқұлбекке** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ленин ордені мен алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=24862
3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 300.
<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ТҰРЛЫБАЕВ ЕЛЕУСІН



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 2475 медаль, Ленин ордені № 74554

ТҰРЛЫБАЕВ Елеусін — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ақтөбе колхозының аға шопаны.

1900 жылы Қазақстанның Жамбыл облысы Талас ауданында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1930 жылы ауылшаруашылық артеліне мүше болып кіріп, 1939 жылдан бастан Ақтөбе колхозында шопан, аға шопан болып қой өсірді. Ерінбей еңбек етіп, озат тәжірибені өзінің ілкімді ізденістерімен ұштастырып, бағымындағы малдың күйін жақсартты, басын көбейтті, мал өнімін алуда алдыңғы қатарға шығып, абыройға бөленді. Ісіне берік, еңбекқор азамат 1947 жылы 432 саулықтан 558 қозы алып, әр қозының енесінен айырғандағы салмағын 40 килограмға жеткізді. Жүн қырку жоспарын артығымен орындады.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен 1947 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Тұрлыбаев Елеусінге** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29449
3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 300.
<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ТҰТҚЫШБАЕВ ӘЖІБЕК



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 12.07.1949
№ 4113 медаль, Ленин ордені № 105658

ТҰТҚЫШБАЕВ Әжібек — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, Амангелді атындағы колхоздың аға шопаны.

1893 жылы Қазақстанның Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты

Ойық ауылында шаруаның отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Әжібек Тұтқышбаев 1929 жылы Амангелді атындағы ауылшаруашылық артеліне қабылданды. Бастапқыда мал бақты, арық қазды, колхоз техникасын жөндеді, 1939 жылдан бастап қой бағып шопан болды. Ол бірнеше жыл отарындағы мал басын шығынсыз бағып, төл алу мен жүн қырқуда жоғары көрсеткіштерге ие болды.

1948 жылғы А. Тұтқышбаев 400 қойдың әр жүз аналығынан 128 қозы алып, қозылардың орташа салмағын енесінен бөлерде 40 килоға жеткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Тұтқышбаев Әжібекке Социалистік Еңбек Ері** атағы берілді. Ленин ордені мен алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герой страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29459
3. Қазақстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадиков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 301.
<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ DAҢҚЫ APТА БЕРСІН!

ТІЛЕБАЕВ ШЫНТАС



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 23.07.1948
№ 4113 медаль, Ленин ордені № 105658



ТІЛЕБАЕВ Шынтас — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, Кеңестөбе колхозының жылқы шаруашылығының меңгерушісі.

1901 жылы Қазақстанның Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Кеңестөбе ауылында шаруаның отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Шынтас Тілебаев 1930 жылы Кеңестөбе ауылшаруашылық артеліне қабылданды. Әуелде егіс алқабының бригадирі, 1939 жылдан бастап жылқы фермасын басқарды. Ол бірнеше жыл шаруашылықтағы малды тиімді бағып, құлын, тайларды шығынсыз өсіруді қамтамасыз етті. Жылқы шаруашылығындағы жетістіктер колхоздың экономикалық әлеуетін арттырды.

1947 жылы Ш. Тілебаевтың жылқы фермасы 145 биеден 145 құлын алып, оларды аман өсірді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Тілебаев Шынтасқа** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ленин ордені мен алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герой страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=24804
3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадиков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 299.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ҮДЕРБАЕВ ЕРҒАРА



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 22.03.1966
№ 11286 медаль, Ленин ордені № 354040



ҮДЕРБАЕВ Ерғара — ҚР Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Талас совхозының аға шопаны. 1920 жылы Қазақстанның Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Үшарал ауылында шаруаның отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

Ерғара Үдербаев 1936 жылдан Талас қой совхозында жұмыс істей бастады. 1941 жылдан Ұлы Отан соғысына қатысты. 1945 жылы майданнан оралған соң, Е. Үдербаев Талас совхозында аға шопан болып жұмысын жалғастырды. Ерен еңбекпен өткен жылдар өз жемісін бере бастады. Ол қарамағындағы әр жүз аналық қойдан 1963 жылы – 145 қозы, 1964 жылы – 160 қозы, 1965 жылы 161 қозы алды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1966 жылғы 12 наурыздағы Жарлығымен мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Үдербаев Ерғараға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ленин ордені мен алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29513
3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 301.
<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ DAҢҚЫ ARTA BERCİN!

ФИНАЕВ АЛЕКСЕЙ ПЕТРОВИЧ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 01.12.1949
№ 4661 медаль, Ленин ордені № 73251

ФИНАЕВ Алексей Петрович — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, КСРО совхоздар министрлігі Талас қаракөл совхозының аға мал дәрігері. 1904 жылы Пенза облысы Пачелмск ауданында туған. Ұлты орыс.

Еңбек жолын 1922 жылы теміржол жұмысшысы болып бастады, 1926 жылдан әскер қатарында болды, 1929-1931 жылдары Өзбек мемлекеттік университетін бітіріп, мал дәрігері болды. Ұлы Отан соғысына қатысты. Жамбыл облысы, Талас ауданы, КСРО совхоздар министрлігі Талас қаракөл совхозының аға мал дәрігері қызметінде қаракөл өнімінің сапасын жақсартуға зор үлес қосты. 1948 жылы совхоздың 3042 қаракөл қойының әр жүзінен 108 қозы алып, қаракөл елтірісінің 86 пайызын бірінші сұрыпта қамтамасыз етті.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 1 желтоқсандағы Жарлығымен 1948 жылы қаракөл қой шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Финаев Алексей Петровичке** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ленин ордені мен алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29184
3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадиков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 301.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ DAҢҚЫ ARTA BERCİN!

ШИНӘСІЛОВ АЙТБАЙ



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 12.01.1949
№ 4964 медаль, Ленин ордені № 105037



ШИНӘСІЛОВ Айтбай — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы КСРО Совхоздар министрлігі Талас қаракөл совхозының аға шопаны.

1897 жылы ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы Үшарал ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1929 жылы жергілікті Талас қой шаруашылығы құрылғанда, Айтбай Шинәсілов қой бағып, шопан болып еңбек етті. 1940 жылдардың екінші жартысында совхоз қойларының тұқымын асылдандыру мақсатында мал мамандары жүргізген тәжірибелік жұмыстарға белсене қатысты, тәжірибе нәтижелерін қолдануда елеулі жетістіктерге жетті. 1948 жылы ол бағымындағы 717 саулықтың әр жүзінен 112 қозы алды, қаракөл елтірісінің 85 пайызын мемлекетке бірінші сұрыпта тапсырды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 1 желтоқсандағы Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Шынәсілов Айтбайға** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Ленин ордені мен алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29190
3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Казак университеті, 2020. - С. 302.

<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ШӨМІШБАЕВ ЕШТАЙБЕК



Социалистік Еңбек Ері
Жарлық мерзімі: 12.01.1949
№ 4959 медаль, Ленин ордені № 68191



ШӨМІШБАЕВ Ештайбек — ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, КСРО Совхоздар министрлігі Талас қаракөл қой совхозының аға шопаны.

1908 жылы Қазақстанның Жамбыл облысы Талас ауданы Байқадам ауылында шаруаның отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1929 жылы Талас қой шаруашылығы құрылғанда, Е. Шөмішбаев сонда шопан болып жұмыс істеді. 1940 жылдардың екінші жартысында совхоз қойларының тұқымын асылдандыру мақсатында мал мамандары жүргізген тәжірибелік жұмыстарға қатысты, тәжірибе нәтижелерін қолдануда елеулі жетістіктерге жетті.

1948 жылы 750 бас аналық қаракөл қойының әр жүзінен 106 қозы алды, қаракөл елтірісінің 85 пайызын мемлекетке бірінші сұрыпта өткізді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Жарлығымен 1948 жылы мал шаруашылығында жоғары өнім алғаны үшін **Шөмішбаев Ештайбекке** Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ленин ордені мен алтын жұлдыз медалі қоса тапсырылды.

Дерек көздері:

1. Социалистік Еңбек Ерлері-қазақстандықтар. Т. 2. – Алматы: Қазақстан, 1970.
2. Герои страны. Международный патриотический интернет-проект.
https://warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=29191
3. Казахстанцы-герои труда. Краткий биографический справочник (1937-2016 гг.) / Созд. Жадыков А.Х., Айдарханов Э.А.; изд. Асан А.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - С. 302.
<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1613323&simple=true#>



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!



Әбілхан Қастеев. "Таластың ен даласы". 1970.
Кенеп, майлы бояу.

Әбілхан Қастеев. Таластың ен даласы. 1970. Кенеп, майлы бояу.



ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ТАЛАС АУДАНЫНЫҢ
СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ
ӨМІРБАЯНДЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ**

Құрастырған Ж. Дәдебаев

Редакциялық алқа

А. Аманбаев, Ж. Күздеубеков,
Қ. Асқарбеков, Ж. Дәдебаев,
Ғ. Қартабаев

Редакторы Л. Мұсалы

Корректоры Б. Даутова

Техникалық редакторы А. Кенжеқожаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалды.

Электрондық басылым.

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71.